

Бекітемін:
«Самұрық» балалар бақшасы» ЖШС-ның
меңгерушісі: *Т.Л. Саухимова*



**«Түркістан облысы білім басқармасының Арыс қаласы
білім бөліміне қарасты
ЖШС «Самұрық» балалар бақшасының 2024-2025 оқу
жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**29.08.2024 жылғы педагогикалық кеңесте қабылданды
№1 хаттама**

Мазмұны

Кіріспе бөлім

- балабақша төлқұжаты
- 2023-2024 оқу жылында жүргізген оқу-тәрбие жұмысына талдау
- балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жұмыс бағыты, мақсаты, міндеттері

I бөлім. Балабақша қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

II бөлім. Құжаттарды дайындау

III бөлім. Ұйымдастырушылық қызмет

IV бөлім. Кадрлармен жұмыс

IV/1. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу

IV/2. Біліктілікті арттыру

IV/3. Педагогтардың жеке жұмыс бағыттары

IV/4-1. Педагогтардың біліктілікті арттыруына арналған кесте

IV/5. Жас мамандармен жұмыс

V бөлім. Білім беру процесін ұйымдастыру

V/1. Педагогикалық кеңестер

V/2. Әдістемелік кеңесінің отырыстары

V/3. Тәрбиешілерге арналған консультациялар

V/4. Байқаулар, конкурстар

V/5. Тақырыптық апталықтар мен акциялар

V/6. Жол –көлік жарақатынан сақтандыру

V/7. Өртсөндіру қауіпсіздігі іс-шаралары

V/8. Жемқорлыққа қарсыкүресжәнетерроризмгеқарсыкүресіс-шаралары

V/9. Балалармен бірге өткізілетін мерекелер мен ойын-сауықтар

V/10. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолдану мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2024-2025 оқу жылдарына арналған іс-шаралар жоспары

V/11. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

VI бөлім. Әлеуметпен жұмыс

VI /1. Ата-аналармен жұмыс

VI / 2. Әжелер, әкелер, аналар мектебі жоспары

VI/ 3. «Барлығына қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндаманы жүзеге асыру мақсатында жол картасының 39-тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылына «Жас ата-аналар мектебі» жобасының жұмыс жоспары

VI/4. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары

VII бөлім. Бақылау және Басшылық

VII/1. Бақылау

VII/2. Балабақша меңгерушісінің қатысуымен өтетін жиналыс

VII/3. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

VII/4. Әкімшілік жиналыс

VII/5. Өндірістік жиналыс

VII/6. Балабақшаның материалдық базасын жақсарту

VIII/7. Мектеппен сабақтастық

ЖШС «Самұрық» балалар балабақшасын толқу жаты

ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы»

Пошталық индексі – 160108

Мекен-жайы- Арыс қаласы, Байырқұм ауылдық округі, С.Тұрғанбайұлы №47а

Ғимарат - 2 қабатты

Жалпы көлемі – 00,25га

Қолданылуға берілген жылы – 2017 жылы

Оқыту тілі-қазақ тілі


Жоба қуаттылығы (орын) – 75 бала

Педагогикалық құрамы- 7 педагог, оның ішінде -6 тәрбиеші

Тәрбиеленушілер саны- 75 бала

Кадрлармен қамтамасыз ету- 17 адам, оның ішінде 7 педагог мамандар

Оқу тәрбие жұмысы – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (12.08.2016ж., №499 бұйрық) және ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының өзгертулері мен толықтыруларымен) бойынша жұмыс жасайды.



2023-2024 оқу жылының ЖШС «Самұрық» балалар балабақшасын педагогикалық ұжым жұмысын талдау

ЖШС «Самұрық» балалар балабақшасы» 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс қорытындысы.

Балабақша тақырыбы: Жаңа Қазақстанға – ғылыми дамыған жаңашыл ұрпақ

2023-2024 оқу жылының мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды ғылыми тұрғыдан білімді, тәрбиелі, жан-жақты, бәсекеге қабілетті, жаңалыққа құштар болып, үнемі ізденісте жүретін тұлға ретінде қалыптастыру. Сапалы білім мен саналы тәрбие алған ұрпақ – ұлттымыздың баға жетпес қазынасы.

Міндеттері:

1. Оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялардың элементтерін ұтымды пайдалану;
2. Бала бойындағы байқалған дарындылық пен білімділікті берілген ақпарат көлемінде қалыптастырып, игерту;
3. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді жан-жақты дамуында, яғни дене бітімінде, қоршаған ортамен байланысында, қатынас, таным саласы бойынша алғырлыққа баулу, шығармашылық қабілеттерін ояту.

Балалармен жүргізілген жұмыс.

2023-2024 жылы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес қойған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін, барлық педагог мамандармен, ұжыммен жұмыс жасалды. Балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, өмірі мен денсаулығын нығайту үшін жыл бойы қызықты мерекелік, спорттық іс-шаралар өткізіліп отырды

Қыркүйек айының бірі күні Білім күніне орай барлық топтарда «Білімді ұрпақ – жарқын болашақ» тәрбие сағаты өтті. Қазақстан халықтарының тілдері күні «Ана тілім - айбыным» челленджі ұйымдастырылып, барлық бейне материалдар балабақшаның ресми парақшасына жарияланды. Балалардың жұмыстарынан құралған «Жайдарлы жаз» суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Онымен, қоса осы айда **Топтық ата-аналар жиналыстары өтті. «Раушан» және «Қызғалдақ» ортағы топтары «Томпаңдаған бөбегім, ертеңіңе сенемін!» тақырыбында, «Бәйшешек» ересек тобы «Бала болашағына жол ашайық» тақырыбында өткізді.**

Қазан айының екінші аптасында 25-қазан – Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстаным» ашық оқу қызметі өтті.

Қазан айының соңғы аптасында барлық топтарда «Алтын күзге саяхат!» ертеңгіліктері өтті. Ата-аналар мен балалардың бірлескен «Күз сыйы» қол бұйымдары көрмесі қойылды.

Желтоқсан айында 16-желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Тұғырлы тәуелсіздік» тақырыбында ортаңғы, ересек топтарда мерекелік іс-шара өткізді. Айдың соңғы аптасында барлық топтарда «Қош келдің, жаңа жыл!» ертеңгіліктері жүргізілді.

Қаңтар айында ересек топ тәрбиеленушілері ҮІӨ-тер, дәстүрден тыс сурет салу, би терапиясы, әуен терапиясы, дәстүрден тыс сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Наурыз айының бірінші аптасында «Аналар мерекесі – нұр шашты» сүйікті анамызды мерекесімен құттықтаймыз ертеңгілігі барлық топтарда өтті. Екінші аптада 22-наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай «Ұлыс оң болсын!» мерекелік ертеңгілігі барлық топтарда өтті. Ұлттық тағам түрлерінен дастархан жайылды.

Сәуір айының төртінші аптасында барлық топтарда қорытынды ата-аналар жиналысы өтті. Орта топтар «Міне, біз де есейдік» тақырыбында, ортаңғы, ересек топтары «Топтың жыл ішіндегі жетістіктері» тақырыбында, ересек топта «Біз мектепке барамыз!» тақырыбында өткізді.

1-мамыр ҚР Халықтарының Бірлігі күніне орай «Мен бәріне бейбітшілік тілеймін!» ертеңгіліктері өтті. Мамыр айының бірінші аптасында аудандық семинар өтті. Семинарға тәрбиеленушілер өтте жақсы қатысты. Екінші аптада 7-мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай ересек және орта топтарда мерекелік іс-шара өткізілді. Төртінші аптада «Біз мектепке барамыз» балабақшамен қоштасу ертеңгіліктері өтті. » ересек тобын шығарып салдық.

Педагогтардың кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру.

Мақсаты: Кәсіптік біліктілікті көтеру, шығармашылық белсенділігін дамыту, жаңа педагогикалық технологияны іздеу және енгізу, оқыту-тәрбиелеу үрдісін жоғары сатыға көтеру, жетілдіру.

Барлық әдістемелік сағаттар, педагогикалық кеңестер уақытында өтті, барлық уақытта педагогтар өз тәжірибелерімен бөлісіп шеберлік сағаттарын. Өткізіп отырды.

Балабақша педагогтары өз біліктілігін көтеру мақсатында «Өрлеу» курсына оқыды.

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау.

Мақсаты: Педагогикалық ұжымды басқару стилі мен әдісін жетілдіру, бағдарламаның барлық бөлімі бойынша оқу – тәрбие үрдісіне нақты талдауды қамтамасыз ету.

Тұжырым: Балалармен өткізілген барлық жұмыс жоспар бойынша жүйелі түрде өткізілді. Баланың қабілеті мен талантын дамытуға, өз-өзін дамытуына жағдай жасалды. Барлық құжаттар тігілді, жылдық жоспар бойынша жоспарлы іс-шаралар өткізілді. Әр балаға жеке көңіл бөлінді. дамытуға керектігі: дамытушы орта, жұмыстың тиімді түрлері мен әдістері, балалардың қабілеттерін ашуға жағдай жасай, дамытушы орталықтарды толықтыр

**“Түркістан облысы білім басқармасының Арыс қаласы
білім бөліміне қарасты ЖШС «Самұрық» балалар балабақшасының»
2024-2025 оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Балабақша тақырыбы: «Әділетті Қазақстанға – сапалы білім, адал ұрпақ»

Қызметтің негізгі бағыттары

- Балалардың эмоционалды әл-қуатын жақсарту үшін ортаны модельдеу
- Білім сапасын арттырудың басты шарты ретінде педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру
- Мектепке дейінгі сапалы білімді қамтамасыз ету үшін, мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиелеу мен дамытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдану
- Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту.
- Балалардың коммуникативтік, танымдық, эмоционалды-әлеуметтік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Мектеп жасына дейінгі тұлғаларды бәсекеге қабілетті тәрбиелеу мақсатында физикалық дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы денсаулық құндылықтарын қалыптастыру.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдылық мәдениетін қалыптастыра отырып, жүйелі сөйлеуін дамыту бойынша заманауи әдістер мен нысандарды қолдану процесінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту сапасын арттыру.
3. Отбасы мен балабақша екі жақты бірлесе отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын қалыптастыру құралы ретінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды қолдануға жағдай жасау.

№	Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар аты-жөні, тегі
1.	«Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары, балалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу» тақырыбында педагогикалық сағатты өткізу	қыркүйек	әдіскер, тәрбиешілер
2.	Жалпы жиналыста ата-аналарды балабақша өмірімен таныстыру. Қамқоршылық кеңес құру. Аналар, Әжелер, Әжелер мектебін құру.	қыркүйек	әдіскер, тәрбиешілер
3.	Педагогтарды баланың құқығы туралы Конвенциямен таныстыру	қазан	менгеруші, әдіскер
4.	Отбасы мен МДҰ балалардың құқығы мен мүддесін қорғау бойынша педагогтар мен ата-аналар комитетінің жұмысы	сәуір	менгеруші, әдіскер,
5.	Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беру, педагогтардың міндеттері мен құжын талқылау.	тоқсан сайын	менгеруші, әдіскер

I. Балабақша қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Құқықтық сауаттылығын көтеру

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Жұмыс барысында ҚР заңнамалық актілерін, билік органдарының, басқарма органдары мен білім бөлімдерінің шешімдерін қолдану	Үнемі	Бұйрықтар, жоспарлар, іс-шаралар	Менгеруші
2	Ішкі тәртіпті, жұмыс тәртібін, штат кестесін қайта құру.	Қыркүйек–мамыр	Бұйрықтар, жоспарлар	Менгеруші
3	Қызметтің негізгі бағыттары мен кадр саясаты бойынша бұйрық дайындау: Балабақша жұмысын жетілдіру бойынша мәселелерді қарау	Жыл бойы	Бұйрықтар	Менгеруші
4	Балабақша қызметін ұйымдастыру бойынша жергілікті актілерді әзірлеу	Жыл бойы	Актілер мен ережелер жинағы	Әдіскер

II. Құжаттарды дайындау

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау	Жыл бойы	Шарттар	Меңгеруші
2	Балалардың жас топтарын құру	Тамыз	Бала тізімдері	Меңгеруші, медициналық қызметкер
3	ЖШС «Самұрық» балалар бақшасының оқу жылына дайындығы	Қыркүйек	Акт	Шаруашылық меңгеруші, әдіскер
4	Балалар контингенті мен педагогикалық ресурстар бойынша есептік-статистикалық ақпарат бойынша есеп дайындау	Қыркүйек	Есеп нысандары	Меңгеруші, әдіскер
5	Жазғы сауықтыру маусымына дайындық	Сәуір, мамыр	Жазға арналған жұмыс жоспары	Шаруашылық меңгеруші, әдіскер, медициналық қызметкер

III. Ұйымдастырушылық қызмет

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Мектеп жасына дейінгі балалармен конкурс өткізуді ұйымдастыру бойынша ережелер әзірлеу	тамыз	Конкурс туралы ережелер, бұйрықтар	Әдіскер
2	2024-2025 оқу жылының басталуын ұйымдастыру және балабақшадағы күз-қыс маусымына дайындау бойынша құжаттарды дайындау	тамыз	Бұйрықтар	Шаруашылық меңгеруші, әдіскер

IV бөлім. Кадрлармен жұмыс

Мақсаты: Педагогтардың кәсіптік біліктілікті көтеру, шығармашылық белсенділікті дамыту, жаңа педагогикалық технологияны іздеу және еңгізу, оқыту-тәрбиелеу үрдісін жоғары сатыға көтеру, жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.

IV /I. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу

№	Өткізілетін шаралар	Уақыты	Жауаптылар
1.	Кезектен тыс және жоспар бойынша аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін құру, қалалық білім бөліміне тапсыру.	мамыр	Менгеруші, әдіскер
2.	Педагог мамандарды аттестация ережелерімен таныстыру. Балабақшада аттестация мүшелері Құрамын құру, оларға бұйрық шығару.	қыркүйек	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
3.	Аттестацияға өтуге өтініш берген Педагогтармен жұмыс жоспарын бекіту.	қазан	Менгеруші, әдіскер
4.	Аттестаттаудан өтетін педагогтардың оқу қызметіне және шығармашылық жұмыстарына қатысу. Әдістемелік жұмыс	Қаңтар-наурыз	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
5.	Аттестациялық материалдар көрмесі.	сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер
6.	Педагогтардың құжаттарының талапқа сай дайындығын бақылау.	Кесте бойынша	Әдіскер, тәрбиешілер
7.	Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау, шығармашылық тақырыптарын бекіту.	мамыр	Менгеруші, әдіскер

IV /2. Біліктілікті арттыру

№	Аты-жөні	Қызметі	Курстан өткен уақыты	Қайта даярлау курстан өткен жылы, айы, күні, сағат саны
1.	Саухимова Гаухар Лесовна	менгеруші	«Өрлеу»біліктілікті арттыру 12.03.2025ж №0995329	07.08.2024- 06,0.2025ж 808 сағ
2.	Есқараева Жадыра Мусилимовна	әдіскер	«Өрлеу»біліктілікті арттыру 09.09.2024ж №0850216	21.06.2023- 20.09.2023ж 404 сағ
3.	Ахметова Маржанқыз Алимбековна	тәрбиеші	Өрлеу 2024 ж «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	19.03.2023- 19.06.2023ж 404сағ
4.	Батырхан Акерке Сейфуллақызы	тарбиеші	«Өрлеу біліктілік арттыру 13.01-20.01.2025ж	20.09.2023- 19.12.2023 404 сағ
5.	Жунисова Перизат Бигалиевна	тәрбиеші	«Өрлеу»біліктілікті арттыру 04.03-12.03.2025ж №0995317	19.03.2023- 20.06.2023ж 404сағ
6	Бозаева Мадина Батырбаевна	тәрбиеші		
7	Әдепхан Аяулым Пернеханқызы	тәрбиеші		

IV /3. Педагогтардың өз білімін жетілдіру бағыттары

№	Педагогтардың аты-жөні	Тақырыптары
1	Саухимова Гаухар Лесовна	Балабақшаны басқарудағы ішкі құрылымдық жүйелерін жоспарлау жолдары
2	Есқараева Жадыра Мусилимовна	Балабақшадағы бала тәрбиесімен тікелей отбасы мен тәрбиешінің құзырлығында
3	Ахметова Маржанқыз Алимбековна	«Ертегі арқылы бала дүниетанымын дамыту жолдары»
4	Батырхан Ақерке Сейфуллақызы	Ойын арқылы баланың ой өрісін дамыту
5	Жунисова Перизат Бигалиевна	Қоршаған ортамен қатынас жасау арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру
6	Бозаева Мадина Батырбаевна	Балабақша саусақ жаттығуларының алатын орны
7	Әдепхан Аяулым Пернеханқызы	Балалар өміріндегі сюжеттік ойындардың орны

IV/4 Педагогтардың біліктілікті арттыруына арналған кесте

№	Аты-жөні	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027
1.	Саухимова Гаухар Лесовна				
2.	Есқараева Жадыра Мусилимовна			+	
3.	Ахметова Маржанқыз Алимбековна			+	
4.	Батырхан Ақерке Сейфуллақызы				+
5.	Жунисова Перизат Бигалиевна			+	
6.	Бозаева Мадина Батырбаевна			+	
7.	Әдепхан Аяулым Пернеханқызы				

IV /5. Жас мамандармен жұмыс

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Кіммен өтеді	Уақыты	Жауапты адам
1.	Жас тәрбиешілерді тәжірибелі тәрбиешіге бекіту	Хабарлама	пед.ұжым	қыркүйек	менгеруші, әдіскер
2.	Жас мамандардың сұрақтары бойынша кеңес	Кеңес	жас мамандар	оқу жылы барысында	менгеруші, әдіскер,
3.	Тәжірибелі тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ұйымдастыру	ҮІӨ	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер
4.	Жас тәрбиешінің балалармен жұмыста жеке жұмыс жүргізу бағытын жоспарлауға көмектесу	жоспар құру	жас мамандармен	қыркүйек	әдіскер, тәрбиеші
5.	Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру мақсатында көмек көрсету	бақылау, кеңес	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер, тәлімгер тәрбиеші
6.	Жас тәрбиешілердің топ құжаттарының дұрыс жүргізілуін қадағалау	Бақылау	жас тәрбиешілермен	қараша	менгеруші, әдіскер
7.	Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс әрекетін, ертенгілік, сауық, семинар т.б. өткізуіне көмек көрсету	Кеңес	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер, тәлімгер тәрбиеші
8.	Жас мамандардың бір жылғы жүргізген жұмысына талдау	Талдау	Әдістемелік кеңесте	мамыр	жас маман

V бөлім. Білім беру процесін ұйымдастыру

1.	2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: -жылдық міндеттерді; -оқу жоспары; -ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі; -таңғы жаттығу кестесі; -күн тәртібі; -күнтізбелік жоспарлары.	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер
2.	Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған Жұмыстарын талқылау, қорыту.	Тамыз	Әдіскер мейірбике
3.	Қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жұмыстар; -баланың өмірімен денсаулығын қорғау нұсқаулықтар; -өрт қауіпсіздігі; -тәрбиелеу оқыту процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; -еңбек қауіпсіздігі; -қызметкерлердің техника қауіпсіздігі;	Қыркүйек Желтоқсан, Наурыз маусым	Меңгеруші, Әдіскер Шаруашылық меңгеруші
4.	Педагогтардың сапалық құрамы	Қыркүйек	Әдіскер
5.	Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру мақсатында көмек көрсету	Тұрақта	әдіскер
6.	Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс	Қыркүйек	әдіскер
7.	Жас тәрбиешілердің топ құжаттарының дұрыс жүргізілуін қадағалау	Тұрақты	әдіскер
8.	Баланың психологиялық ерекшеліктері (Жас ерекшеліктері бойынша диагностика)	Қазан Сәуір	Әдіскер, психолог
9.	Өз білімін жетілдіру курстарына педагогтарды қатыстыру	Тұрақты	әдіскер
10.	Қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілетін семинарларға, байқауға, конкурстарға, әдістемелік бірлестік отырыстарына педагогтарды белсенді қатыстыру	Тұрақты	Меңгеруші, әдіскер
11.	Тәрбиешілердің. Ұйымдастырылған оқу қызметі, ертенгілік,сауық, семинар т.б өткізуіне көмек көрсету.	Жылбойы	әдіскер
12.	Педагог қызметкерлердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру.	Қазан Қараша Сәуір Мамыр	әдіскер
13.	Көрме ата-аналарменбірлескен ж ұ м ы с «Берекелі алтын күз» «Қысқысеруен» «Жайдарлы жаз»	Жоспар бойынша	Әдіскер, педагогтар
14.	Барлық топ тәрбиеленушілерінің Білім салалары бойынша білім деңгейлерін зерттеу	Қыркүйек Қаңтар Мамыр индикатор	Әдіскер, тәрбиешілер

V/ I. Педагогикалық кеңестер

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	<p>№ 1 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы «Самұрық» балалар бақшасының қызметінің негізгі бағыттары, балалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдау» Мақсаты 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқау хатпен таныстыру. Жаңа оқу жылына серпін беру. Күн тәртібі: 1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарын талқылау қорытындылау. 3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну. 4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап бекіту. 5. Коучинг «Мен 2024-2025 оқу жылы» 6. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.</p>	тамыз	Менгеруші, әдіскер
2	<p>№ 2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз» Мақсаты: Қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың кмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру. Күн тәртібі: 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Балаладың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу»- тақырыбында баяндама оқу 3. «Бала денсаулығы бүгінгі таңда-педагогикалық пікірталас. 4. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөл 5. Әр түрлі мәселелер</p>	Қараша	Менгеруші, әдіскер медбике тәрбиеші
3	<p>№ 3 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.» Мақсаты: педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктерін түзету жолдарын белгілеу. Күн тәртібі: 1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2 «2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы» 3. Баяндама: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар» Тәрбиеші А. Батырхан 4. Іс-тәжірибе: «Ойнап жүріп ойлайық» М. Бозаева 5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты А. Әдепхан 6. Әр түрлі мәселелер</p>	Қаңтар	Менгеруші, әдіскер тәрбиешілер
4	<p>№ 4 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Балабақшадағы әс-әрекет процесі» Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу Күн тәртібі: 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. Баяндама «Инновациялық технология арқылы балардың шығармашылық – танымдық қабілеттерін дамыту Ж. Ескараева 3. Тренинг: Мақсаты: Тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. 4. «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты. Тәрбиеші П. Жунисова 5. Балабақша жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе М. Ахметова 6. Әр түрлі мәселелер</p>	Наурыз	Менгеруші, әдіскер тәрбиешілер

	5. Балабақша жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе 6. Әр түрлі мәселелер		
5	№ 5 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау. Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі» 3. Арнайы бақылау: «Өзін-өзі бағалау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету» 4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту 5. Әр түрлі мәселелер	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

V/2. Балабақша педагогтарымен өткізілетін әдістемелік кеңесінің отырысы

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы 1. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту 2. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы 3. «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау қорытындысы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы 4. «2024-2025 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері» 5. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
2	№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы 1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту 3. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысының барысы. 4. Ағымдағы мәселелер.	Желтоқсан	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
3	№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы 1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік - коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама. 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы 5. Ағымдағы мәселелер.	Ақпан	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
4	№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы 1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы 2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг қорытындысы 4. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттерді айқындау	Мамыр	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері

V/3. Тәрбиешілерге арналған консультациялар

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Циклограмманы күн тәртібіне сәйкес жоспарлау	Қазан	Кеңес материалы	Әдіскер
2	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойын әдіс – тәсілдерін қолдану жолдары»	Қараша	Кеңес материалы	Әдіскер
3	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру маңыздылығы	Қаңтар	Кеңес материалы	Әдіскер
4	Тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту жолдары	Ақпан	Кеңес материалы	Әдіскер
5	Денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен ынтымақтастықтың тиімді нысандары	Наурыз	Кеңес материалы	Әдіскер
6	Жаз кезінде бос уақытты ұйымдастыру	Сәуір	Кеңес материалы	Әдіскер

V/4. Байқаулар, конкурстар

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	«Жайдарлы жаз» суреттер көрмесі	Қыркүйек	Ереже, конкурс материалдары	Ортаңғы, ересек топтар
2	Қарттар күніне орай «Менің атам мен әжем» байқауы	Қазан	Ереже, конкурс материалдары	Ортаңғы, ересек,
2	«Мен елімнің ұланымын» патриоттық мәнерлеп оқу сайысы	Желтоқсан	Ереже, конкурс материалдары	Ортаңғы, ересек,
4	«Үздік дамытушы орта» байқауы	Қаңтар	Ереже	барлық педагог
5	«Бақытты балалық шақ» байқауы	Маусым	Видеобейне	Барлық педагог

V/5. Тақырыптық апталар мен акциялар

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Жол қозғалысындағы қауіпсіздік апталығы	Қазан	Өткізу жоспары, материалдар	Ересек топ тәрбиешілері
2	«Денсаулықты қалай сақтаймыз» акциясы	Қараша	Өткізу жоспары, материалдар	Барлық топ тәрбиешілері
3	«Әділетті Қазақстанға – адал ұрпақ» акциясы	Желтоқсан	Өткізу жоспары, материалдар	Барлық топ тәрбиешілері
6	«Ұлттық құндылық – ұлт болашағы» Ұлттық мұра бірлестігі	Наурыз	Өткізу жоспары, материалдар	Барлық топ тәрбиешілері
7	Экология апталығы	Сәуір	Өткізу жоспары, материалдар	Барлық топ тәрбиешілері
8	«Ер есімі – ел есінде» апталық	Мамыр	Өткізу жоспары, материалдар	Ересек топ тәрбиешілері

V/6. Жол –көлік жарақатынан сақтандыру

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1.	Әңгімелесу: «Жолда жүру ережесін үйрету» Көрме:«Қызыл, сары,жасыл»	Қыркүйек	Әдіскер, топ тәрбиешілері
3.	Ойын-сауық:«Қызыл,сары,жасыл»	Қараша	Ортаңғы топта
4.	Әңгімелесу:«Жол жүргіншілердің жолдан өту ережесін сақтау міндеті»	Қаңтар	Мектепалды даярлық топта
5.	Жарыс: «Сиқырлы жол белгілері»	Ақпан	Барлық топта
6.	Ойын-сауық:«Бағдаршам емтиханы»	Сәуір	Ересек топта
7.	Ойын-сауық:« Көлікпен және жаяу»		
Ата-аналармен жұмыс			
1.	Іскерлік ойын:«Жолтасы бағдаршам»»	Қараша	Тәрбиешілер
2.	Әңгіме:«Мен ұқыпты жүргінші»	Қаңтар	Тәрбиешілер
3	Көрме «Алтын күз»	Казан	Тәрбиешілер

V/7. Өрт сөндіру қауіпсіздігі іс-шаралары

Жаңа оқу жылына төтенше жағдайдан қорғану іс шараларының жоспарын бекіту.	Меңгеруші әдіскер	қыркүйек
Көрме: «Өрт-бала көзімен» Әңгімелесу:«Өрт туралы не білеміз?»	Барлық топ тәрбиешілері	қыркүйек
Ойын-сауық: «Өрт қауіпсіздігі»	Ересек топ тәрбиешісі	Қараша
Викториналық кеш: «Өрт сөндірушіге не қажет?»	Ересек топ тәрбиешілері	Қаңтар
Ойын-сауық: «Өрт сөндіру көлігі» ортаңғы тобы	Ортаңғы топ тәрбиешілері	Сәуір
Әңгімелесу: «Өрттен сақ бол!»	Ересек топ тәрбиешілері	Мамыр
Ата-аналармен жұмыс		
Ата-аналарға арналған ақпарат: «Қауіпсіздік ережелерін білесіз бе?»	Барлық топ тәрбиешілері	Казан
Ойын-сауық: «Өрт Қауіпсіздік еліне саяхат»	Барлық топтар	Ақпан

V/8. Жемқорлыққа қарсы күрес және терроризмге қарсы күресіс-шаралары

Ата-аналар және педагогтармен жұмыс		
Педагогтарға түсінік жұмыстарын жүргізу. Балабақшаішілік бұйрық шығару «Сыбайлас жемқорлықты тудырмайтын себептермен жағдайлар болдырмау»	Меңгеруші, әдіскер	Қыркүйек
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу – бүкіл қазақстандық қоғамның маңызды міндеті» - педагогтармен доңгелек үстел	Әдіскер, тәрбиешілер	Қараша
Спорттық жарыс: «Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ!»	Әдіскер, тәрбиешілер.	Қаңтар
Ақыл кенес: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктері»	Әдіскер, тәрбиешілер.	Наурыз

V/9. Балалармен бірге өткізілетін мерекелер мен ойын-сауықтар.

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
I. Мерекелер				
1	«1-қыркүйек– Білім күні» атты мерекелік ойын-сауық	Қыркүйек	Оқу залы (сценарийлер)	Тәрбиешілер
2	Қазақстан халықтарының тілдері күні «Ана тілім - айбыным»	Қыркүйек	ойын	Ересек топ.
3	25-қазан – Республика күні «Қыран елім - Қазақстаным»	Қазан	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
4	«Күз байлықтары»	Қазан	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
5	«Тәуелсіз елім- Қазақстаным!»	Желтоқсан	Оқу залы (сценарийлер)	Тәрбиешілер
6	«Төрлет құтты жаңа жыл!»	Желтоқсан	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
7	«Алғыс айту» күні	Наурыз	Оқу залы	Тәрбиешілер
8	«Ана гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы!» (барлық топтар)	Наурыз	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
9	«Ұлыс оң болсын!»	Наурыз	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
10	«Мен бәріне бейбітшілік тілеймін!»	Сәуір	Оқу залы (сценарийлер)	Тәрбиешілер
11	«Біз-батыр елдің ұланымыз!» «Бейбітшілік қорғанында!»	Мамыр	Ертеңгілік залы (сценарийлер)	Тәрбиешілер
12	«Біз мектепке барамыз» балабақшамен қоштасу	Мамыр	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
13	«Балалық шақ – бұл мен және сен!»	Маусым	Спорт алаңы (сценарийлер)	Тәрбиешілер
2. Спорттық ойын-сауықтар, мереке мен денсаулық күндері				
1	«Епті бол» эстафеталық ойын	Қазан	Ересек топтар (сценарийлер)	Тәрбиешілер, әдіскер
2	«Алға балақай!» мерекелік шара	Қараша	Ересек топ	Тәрбиешілер, әдіскер
3	«Алақай, қыс келді» спорттық шара	Желтоқсан	Ортаңғы топтар (сценарийлер)	тәрбиешілер
4	«Денсаулық күні» отбасылық эстафеталық жарыс: «Қысқы ермек»	Қантар	Барлық топтар ата-аналарымен (сценарийлер)	Тәрбиешілер, әдіскер
5	«Ұлттық ойындар» спорттық мерекесі	Наурыз	Барлық топтар(сценарийлер)	Тәрбиешілер, әдіскер
6	«Біз көңілді баламыз» мерекелік шара	Сәуір	Ересек топтар (сценарийлер)	Тәрбиешілер, әдіскер
7	«Көктемгі дала!» эстафеталық жарыс	Мамыр	Ортаңғы топтар (сценарийлер)	Тәрбиешілер, әдіскер

V/10. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

